



Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінң
алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні бойынша 2021 – 2022 оқу
жылына арналған әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және өткізу
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№ р/с	Іс-шараның атауы	Формат	Орындау мерзімі	Жауаптылар
<i>Педагогтарға арналған іс-шаралар</i>				
1.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы ұйымдастырушы- ларының қалалық әдістемелік бірлестігін құру және ұйымдастыруға қатысу	жиналыс	қырүйек	АӘТД Оқытушы-ұйымдастырушысы

2.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың жай-күйі, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу және физикалық тұрғыдан дайындығы мәселелерін қарастыру: - Алғашқы әскери және технологиялық дайындық мәселелеріне жетекшілік ететін әдіскерлермен жиналыста;	жиналыс	бір жылдың ішінде	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Дене тәрбиесі мұғалімдері
3.	АӘТД пәні бойынша оқытудың басталғаны, взвод және бөлімшелер командирлерін тағайындау туралы бұйрықтар шығару.	бұйрықтар	қырүйек	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
4.	2004 жылы туылған ер балалардың есебін алып, әскер жасына дейінгі жасөспірімдермен жұмыс істеу.	Іс қағаздар	қараша	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы сынып жетекшілері
5.	«5 күндік оқу - дала жиындарын өткізу кезеңінде оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеудің нысандары мен	семинар	сәуір	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы

	әдістері» тақырыбында АӨТД оқытушы-ұйымдастырушылармен әдістемелік сабақтарға қатысу			
6.	Ұйымдастырушы-оқытушылар арасында алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша қалалық, облыстық жарыстарға қатысу	жарыс	бір жылдың ішінде	АӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
7.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау бойынша қалалық, облыстық семинарларға қатысу	семинар	бір жылдың ішінде	АӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
Оқушыларға арналған іс-шаралар				
8.	Оқушылардың Отан қорғаушыларымен, тыл ардагерлерімен, Ауған соғыс ардагерлерімен және т. б. кездесулерін өткізу	кездесулер	бір жылдың ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
9.	Әскери-патриоттық бағытта мектепте, әскери даңқ бұрыштарын ұйымдастыру	даңқ бұрышы	тұрақты	АӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы

10.	«Жас Сарбаз» қатарына қабылдау рәсімін ұйымдастыру және өткізу, әскери-патриоттық сыныптарға салтанатты ант қабылдау және туды тапсыру	рәсім	тұрақты	Директордың орынбасары АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы	ісі жөніндегі
11.	Білім беру мекемесінде әскери-патриоттық үйірме жұмысын ұйымдастыру	үйірме	бір жылдың ішінде	Директордың орынбасары, сынып жетекшісі АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы	ісі жөніндегі
12.	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесінің жанынан «Жас мерген» тобын ашу бойынша жұмысты ұйымдастыру	Топ құру	бір жылдың ішінде	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы	
13.	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру шарттары туралы әскери жоғары оқу орындарының бейне роликті көрсету	Сабақтан тыс	бір жылдың ішінде	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы	
14.	Жастарға әскери-патриоттық тақырыптағы оқу, хроникалық-деректі кино фильмдерді көрсету	Кино фильмдер көрсету	бір жылдың ішінде	АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы	

15.	Сыныптар арасында сапта жүру, саптық ән айту бойынша мектеп байқаулар ұйымдастыру	байқау	ақпан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
16.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» іс – қимыл-патриотизмнің жаңа нысаны іс-шарасын өткізу	лекция	қараша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
17.	Ұлы Отан соғысы жылдарында және бейбіт уақытта әскери борышын атқару кезінде қаза тапқан ескерткіштерді, обелискілерді және жерлеу орындарын күту бойынша «Естелік» жастар акциясын ұйымдастыру және өткізу, қарт адамдарға үйінде көмек көрсету және т. б.	акция	наурыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
18.	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық үйірмені қалалық, облыстық жарыстарға дайындау	жарыс	наурыз, сәуір	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
19.	9-10 сынып оқушыларын қалалық, облыстық «Ұлан» әскери-спорттық ойындарына дайындау	әскери-спорттық ойын	сәуір	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы

20.	5-7 сынып оқушыларын қалалық және облыстық «Алау» әскери-спорттық ойындарына дайындау	әскери-спорттық ойын	мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Дене тәрбиесі мұғалімдері
21.	«Жас Ұлан» ББЖУ арасында ту топтары қалалық, облыстық жарысына оқушыларды дайындау	конкурс	қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
Ата-аналарға арналған іс-шаралар				
22.	Ата-аналар жиналысын, балаларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша лекторийлер өткізу	жиналыс	бір жылдың ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
23.	Өртүрлі нысандарда (жарыстар, конкурстар, отырыстар және т.б.) бірлескен балалар-ата-аналар іс-шараларын ұйымдастыру	іс-шаралар	бір жылдың ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Дене тәрбиесі мұғалімдері
Ақпараттық сүйемелдеу және баспа қызметі				
24.	Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі іс-шараларды жергілікті БАҚ-та жариялау	сұхбат, пікірлер, репортаждар	бір жылдың ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

25.	Іс-шаралар барысы туралы ақпаратты БАҚ-та, интернет- ресурстарда және әлеуметтік желілерде орналастыру	ақпарат	бір жылдың ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
-----	---	---------	-------------------	---

Алғашқы әскери технологиялық дайындық
пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

Қалманов Т.С.

**Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінің
алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні бойынша 2021 – 2022 оқу
жылына арналған әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және өткізу
іс шараларының АНЫҚТАМАСЫ**

2021 – 2022 оқу жылына арналған әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және өткізу жоспарына сәйкес, Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні бойынша, біршама әскери патриоттық тәрбие жұмыстары жүргізілді.

2021 жылдың 28 тамызда Жезқазған қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектепте болған алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы ұйымдастырушыларының қалалық тамыз айының жиналысында, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың жай-күйі, оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу және физикалық тұрғыдан дайындығы мәселелерін қарастырылды, сонымен қатар әдістемелік бірлестігі құрылды.



2021 жылдың 31 тамыз айында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқытудың басталғаны туралы мектеп директорының №330-Н бұйрығы шықты, сонымен бірге 2021 жылдың 06 қыркүйекте №383-Н взвод және бөлімшелер командирлерін тағайындау туралы бұйрық шығарылды.

2021 жылдың 31 тамыз айындағы №329-Н бұйрығына сәйкес, 2021 жылдың қараша айында мектебіміздің 2004 жылы туылған 13 оқушы ер балалардың есебі алынып, әскер жасына дейінгі жасөспірімдермен жұмыс жасалынды. Жиналған іс құжаттар қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасына жіберіліп, оқушылар дәрігерлік комиссиядан өтті.

2021 жылдың 11 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл қарсаңында, Жезқазған қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы полковнигі А.Тусупбековтің қатысуымен қаламыздағы №13 жалпы білім беретін мектебінде «Ерлік сабағы» атты қалалық әскери патриоттық семинары болып өтті.

Семинарда, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын өткізу тәсілдері үйретілді, сонымен қатар әскери робот техникасын сабак үдерісінде қолдану жолдары көрсетілді, сонында оқушылармен саптық дайындық және атыс дайындығымен жаттығулар көрсетілді.



2021 жылдың қараша айында оқытушы-ұйымдастырушылар арасында алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша қалалық жарысы болып өтті.

«Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30-жылдығына орай Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептерінің 10-11 сынып оқушылары арасында Алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні бойынша облыстық онлайн олимпиадасы болды. Осы олимпиадада мектебіміздің 11 сынып оқушысы Көлбай Нұртаза жүлделі үшінші орын алды.



2021 жылдың 15 ақпанда мектебімізде «Ауған соғысының жаңғырығы» атты тақырыпта Кенес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына арналған онлайн кездесу кешені өтті. Кездесу кешіне Ауған соғысының ардагері Бозаев Дулат Әбдікәрімұлы қатысты.

Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет берілді, ардагер ағалармен ашық әңгімелесіп, сұхбаттасты. Оқушыларды толғандырып жүрген бірнеше сұрақтар ардагерге қойылып, қанағаттанарлық жауаптар алынды. Ауған соғысы 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО Қарулы Күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Соңы аяқталмас соғысқа ұласқан бұл кәсірет елдің тек өз ішінде ғана емес оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды.



Ауған соғысының жауынгер ардагері, Жезқазған қаласының азаматы **Бозаев Дулат Әбдікәрімұлы**- 1969 жылы 30-қаңтарда Қарағанды облысы, Жанаарқа ауданы “Дружба” кең-шарында туған. Талап селосындағы Жезқазған ауыл шаруашылық техникумын 1987 жылы бітірді. Қарулы Күштер қатарына Жезқазған қалалық әскери комиссариатымен шақырылған. Ауғанстан Республикасында 1987 жылғы мамыр айынан бастап 1989 жылғы ақпан айына дейін интернационалдық борышын аға сержант шенінде өтеді.



«Ерлік - жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп,

тағдырдың жауызымен елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағамызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізу – біз үшін бір ғанибет



Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін - бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір - түкпірінде еңбек етуде. Аяулы аға, уақыт тауып келгеніңізге рахмет! Сіздерге ұзақ ғұмыр, денсаулық, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық болсын, бейбіт өмір жасай берсін.

Әскери-патриоттық бағытта мектеп басшылығының көмегімен, мектепте әскери даңқ бұрышы ұйымдастырылды, онда Қазақстан ұлы отан соғысы жылдарында, Жезказғандық батырлар, Халық қаһармандары, Ауған соғыс ардагерлеріне тағзым, Отанға қызмет ету-асқан аброй, Офицер қаһарман мамандық, Б. Момышұлы рухына тағзым, Шақырушы бұрышы атты стендер жасалынып, АӘТД кабинетінің алдындағы дәлізге ілінді.






Оқушыларға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту мақсатында, осы оқу жылында қашықтықтан оқыту жағдайында Кабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектептің жасөспірімдерімен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесі ұйымдастырылды.




Кабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні бойынша 2021 – 2022 оқу жылына арналған әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және өткізу іс шаралар жоспарының 12 тармағын орындау мақсатында, оқушылардың әскери істі үйреніп, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуді оқыту мақсатында, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесінің жанынан «Жас мерген» тобының жоспары құрылып оқу жылы басынан ашылды.



Оқу жылында «Жас мерген» үйірмесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес, мылтық атуда қауіпсіздік ережесі, қаруды атуға дайындық, қарумен оқсыз жаттығулар, пневматикалық мылтықпен ату жаттығулары бойынша негізгі тақырыптары практикалық тұрғыда жүргізілді.



Жоғарғы сынып оқушыларына әскери-патриоттық тақырыптағы оқу, хроникалық-деректі кино фильмдер көрсетілді, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру шарттары туралы әскери жоғары оқу орындарының бейне ролигі, мектебіміздің 9,10,11 сынып оқушыларына көрсетіліп, әскери оқу орындарының қызметкерлерімен бірнеше кездесулер ұйымдастырылды.



2022 жылдың наурыз айында «Жас сарбаз» ұйымымен Ұлы Отан соғысы жылдарында және бейбіт уақытта әскери борышын атқару кезінде қаза тапқан ескерткіштерді, обелискілерді және жерлеу орындарын күту бойынша «Естелік» жастар» акциясы ұйымдастырылды.



Бұл акцияда мектебіміздің оқушыларымен қаламызда орналасқан «Ешкімде, ештеңеде ұмытылмайды» атты Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан белгісіз жауынгердің ескерткішін қоқыстардан тазалап, гүл шоқтарын қою іс шарасы өтті.



Оқу жылындағы барлық әскери патриоттық іс-шаралардың ақпараттары БАҚ-та, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде орналастырылды.

Мектеп директоры



Куланбаева Б.А.